



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 17 мамыр

### 2017 жылғы сәуірдегі инфляциялық процестер және инфляциялық күтулер туралы

Жылдық инфляция Қазақстан Республикасында 2017 жылғы сәуірде 7,5%-ды құрады. Төмендеу көбіне азық-түлік тауарлары мен ақылы қызметтер бағасының өсу қарқыны неғұрлым баяу төмендеген кезде азық-түлікке жатпайтын инфляцияның жылдық қарқынының төмендеуі есебінен болды. Тұтастай алғанда, инфляция жылдың басынан бері Ұлттық Банктің 6-8%-дық нысаналы дәлізі шегінде бекіді.

Тұтыну бағаларының индексі 2017 жылғы сәуірде өткен айдың деңгейінде (2017 жылғы наурызда – 0,5%) қалыптасып, өткен айға қарағанда 0,5%-ға көтерілді. Бұл ретте сәуірде базалық инфляция<sup>1</sup> көрсеткіштерінің 0,4%-дан 0,3%-ға дейін, жылдық көрсеткіш бойынша 7,7%-дан 7,2%-ға дейін төмендеуі жалғасты, бұл маусымдық күйзелістерді қоса алғанда, қысқа мерзімді күйзелістерді есептемегенде инфляцияның төмендеу траекториясының жалғасып жатқанын білдіреді.

Инфляциялық процестер экономиканың біртіндеп қалыпқа келуінің, халықтың нақты кірісі өсуінің, тұтынушылық сұраныстың жандануының әсер етуімен, бұл ретте баға деңгейіне айтарлықтай қысым жасамай қалыптасуы жалғасуда. Сонымен бірге, экономиканың жекелеген салаларындағы шығасылардың барынша жоғары деңгейі, жыл басынан бері сыртқы нарықтарға тауарлардың байқалып отырған әкетілуі, өңірлердегі инфляциялық процестердің тепе-тең дамымауы, ауа-райы жағдайы инфляцияға әсер етуін жалғастыруда.

Сәуірде халық арасында инфляциялық күтулерді бағалау бойынша жүргізілген пікіртерімнің нәтижелері бойынша қабылданатын жылдық инфляция және өткен айдағы инфляция тұрақты деңгейде болып отыр. Пікіртерімге қатысушылар инфляцияның негізгі көзі ретінде тамақ өнімдері бағасының өсуін атап өтеді.

Сәуірде келесі айда баға өсуі бойынша күтулер наурызбен салыстырғанда шамамен төмендеді. Респонденттердің 53%-ы 2017 жылғы мамырда баға өсуін күтуде, олардың көпшілігі баға аздап өседі деп болжайды.

Халықтың келесі 12 айда баға өсуіне қатысты күтулері наурызбен салыстырғанда шамамен өсті. Бір жылдан кейін инфляцияның деңгейін 10%-дан жоғары бағалайтындардың үлесі біршама өсуіне қарамастан, баға өсіміне 10%-дан кем

---


<sup>1</sup> жемістер мен көкөністер, тұрғын үй-коммуналдық қызметтер, темір жол көлігі, байланыс, бензин, дизель отыны және көмір бағасын есептемегенде

бағалайтындардың үлесі пікіртерім өткізудің басынан бері (2016 жылғы қаңтар) жоғарғы деңгейде тұр. Болашақтағы инфляцияны 6-10%-дық аралықта бағалайтындардың үлесі 23%-дан 28%-ға дейін өскенін атап ерекше өткен жөн.

2017 жылғы сәуірде квантификацияның ықтималдылық әдісінің көмегімен есептелген инфляциялық күтулер кейбір ұлғайтуларға қарамастан жеткілікті түрде тұрақты болып қалып отыр. Мәселен, сұрау салудың нәтижелері бойынша бір жыл бұрын инфляцияны сандық бағалау 2017 жылғы наурызбен салыстырғанда 0,3 п.т. ұлғайып, 6,4%-ды құрады және 2018 жылға 5-7% нысаналы дәліз ішінде тұр.

1-график


**Инфляция және базалық инфляция**



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

2-график

**Инфляция және күтілетін инфляция**



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті, GfK Kazakhstan

Инфляциялық күтулердің анағұрлым толық нәтижелерімен Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында «Ақша-кредит саясаты» – «Инфляция және инфляциялық күтулер» [бөлімінде](#) танысуға болады.

Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)